

ДТІЖО Шеримбетова Банудың жылдық есебі

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде Балалар мен жасөспірімдер арасында Салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру барысында «Есірткі біздің жауымыз» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Оқушыларға «Нашақорлық- өмір азабы» тақырыбында баяндама оқылып, 9-сыныптардан сауалнама алынды. Оқушылар нашақорлықтың зиян екеніне көз жеткізді. Нашақорлық-көптеген адамдардың, соның ішінде жастардың өмірін қиған қауіпті ауру. Нашақорлық адамның тозуына тез әкеледі. Отбасындағы қарым-қатынас бұзылады, неке бұзылады, тәуелді адам оқуын, жұмысын тастап кетеді, нәтижесінде өмір сүру қаражатынсыз қалады.



Жаңажол атындағы жалпы білім беретін мектебінде “Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, діни экстремизм, терроризм” және кереғар ағымдардың алдын алу мақсатында оқушылармен кездесу өтті. Кездесуге Түркістан облысы дін істері басқармасы "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" КММ-нің теолог маманы Б.Абдрахман "Аудандық ішкі саясат маманы Б.Смайлхан және Төлеби АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция аға лейтенанты Әуелбек Сұлтан Бердалиновты, ДТІЖО Ералиева Б.Б. Шерімбетова, мектеп психологы Ұ.Қалмұратова және 9-11 сынып оқушылары қатысты



<https://www.facebook.com/za.azol.mektebi/posts/pfbid0ecVk33KGP4ez3Vz5JPRbUP7xoYYe4RFEDkSFjCmL5p5e3KdBZjWzrkjifyxdnWgNl>

Жаңажол атындағы жалпы білім беретін мектебінде кәмелетке толмағандар арасындағы, құқық бұзушылықтың, зорлық- зомбылықтың, лудоманияның буллингтің алдын алу мақсатында Төлеби АПБ-нің ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция аға лейтенанты Әуелбек Сұлтан Бердалинұлы 5-11 сынып оқушыларына жасөспірімдер арасындағы тәртіптік, құқық бұзушылық және әлімжеттік ,буллинг жайында профилактикалық іс-шара жұмыстарын жүргізді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.Ералиева және Б. Шеримбетова. Мектеп психологы: Ұ. Қалмұратова. Б. Ералиева оқушылармен тәлім- тәрбие, тәртіп жайында түсіндірме жұмыстары үздіксіз жүргізіліп тұратындығын айтты өз ойларымен пікірлерімен бөлісті.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспары аясында ата-аналарды қолдау орталығының бағдарламасына сәйкес 7 "А", 7 "Ә", 7 "Б" сынып жетекшілері Қуандықова Сандуғаш, Орақбаева Бақыткүл мен Арыстанова Алшагүлдің ұйымдастыруымен "Тәрбиенің ең басты мектебі - отбасы" тақырыбында жаңа форматта ата - аналар жиналысы өткізілді. Мектебіміздің психологы Қалмұратова Ұлмекен ата-ана мен бала арасындағы байланыс туралы сауалнама алып, нәтижесіне тоқталып өтті. Мақсаты: Отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға деген қарым-қатынасын арттыру.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Бала құқықтары туралы Конвенциясына 35 жыл, Дүниежүзілік балалар күнінің жарияланғанына 30 жыл толуына орай жоспар жасалынып, жоспарға сәйкес дөңгелек үстел, пікірталас, сурет байқауы, рейд жұмыстары жүргізіліп, оқушылар арасында сауалнамалар алынды. «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық жұмыстар мақсатында еріктілер тобы жұмыс атқарды. «Ұшқыр ой алаңы» дебат сабағы өтілді. Педагог ұйымдастырушы А Медеудің ұйымдастыруымен «Менің бақытты балалық шағым, құқығым» тақырыбында шығармашылық байқау өткізілді.



<https://www.facebook.com/share/p/12LjTjnrhH/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде ТАББ 20.11.2024 жылғы №308-П бұйрығына және ҚББП-нің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында кәмілетке толмағандар арасында аутодеструктивті және деструктивті мінез- құлықты, құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды болдырмау, алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» бұрышы жасалып, орта буын оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Барлық сыныптарда «Буллингтен қорған!» тақырыбында қауіпсіздік сабақтары өткізілді.



<https://www.facebook.com/za.azol.mektebi/posts/pfbid02GDLBHeT3E25zq7J7PnsBaNDLxRgichLfUSy2G2VxJroGMckRV6WiUv3cT2BfgMM7I>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру мақсатында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жоспарына сәйкес кезекті сабағы өтті. ДТІЖ орынбасары Б. Шерімбетова жоғары сыныптар ата-аналарына оқушылардың сабаққа деген зейінін дамыту мақсатында "Назар аударуды дамыту" тақырыбында, бастауыш сынып жетекшісі А.Құралбекова оқушыларда жадыны дамыту мақсатында "Жақсы жадқа қадамдар" тақырыбы бойынша сабақ өткізді. Ата-аналарға түрлі әдіс-тәсілдер, ойындар арқылы оқушылардың зейінін дамытудың жолдары түсіндірілді. Ата-аналар сабаққа белсенді қатысты.



<https://www.facebook.com/share/p/1JdVi721TB/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Тилемисованың ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 33 жыл толу мерекесіне орай, «Тәуелсіздік-тәңірден келген тәтті сый" тақырыбында 6-11-сынып оқушылары арасында эссе сайысы ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.

Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздік ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі екендігін ұғындыру.



<https://www.facebook.com/za.azol.mektebi/posts/pfbid0nga4jg7KNSTZ8upK7FjdhrYC2LCmnU2pQ9xvM5HbQo4Wh6JPyfU1ybCvgVLpHuN5l>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған Тәуелсіздікке 33 жыл толуына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты : Еліміздің осы жылдар бойындағы жетістіктері мен келешектегі армандарын дәріптеу. Отансүйгіштікке және ұлтжандыққа баулу. Тақырыпқа сай сурет салып, өз өнерлерін паш еткен байқау жеңімпаздарын ДТІЖО Б. Шерімбетова марапаттап, алғыс білдіріп, мерекемен құттықтады.



Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Заң және тәртіп» құндылығы бойынша құқық апталығының жоспарына сәйкес құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, кәмелетке толмағандар бойынша 7-11-сынып оқушылары арасында Төлеби аудандық АПБ-нің ЖПҚБЮПТ аға УПИИ полиция аға летенанты С. Әуелбек мырзамен жиналыс ұйымдастырылды. С. Әуелбек мырза оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзқышылық түрлеріне сипаттама беріп, деректер келтіріп, қылмыс жасаған жағдайда әрбір азамат заңда көрсетілген ереже бойынша жауапкершілікке тартылатындығын, заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдер түнгі сағат 22.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тиым салынатынын айтып өтті.



<https://www.facebook.com/share/p/14FDxpRyWdv/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында педагог ұйымдастырушы А.Медеудің ұйымдастыруымен «Заң және тәртіп» құндылығы бойынша «Жастар- сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында оқушылармен дебат сабақ өтілді. Оқушылар өз пікірлерін ашық айтып, өздерінің бағыттарының айқын екенін көрсетті. Іс-шара соңында ДТІЖО Б.Шерімбетова дебаттың мақсатына жеткендігіне тоқталып, адал ұрпақ тәрбиеленіп келе жатқандығын атап айтты. ҚББП Н.Сәрсенбаев оқушылардың пікірсайысқа белсене қатысып, нақты ойларын жеткізе білгендігін айта отырып, А. Медеуге шығармашылық табыс тіледі.



<https://www.facebook.com/share/p/1L6mSQeS4d/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде

🌱”ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗ БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯНЫ” атты қыздар жиналысы.

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған шараның басты мақсаты – жасөспірімдер арасында жауапкершілік пен денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар, қатысушыларға ерте жүктіліктің салдары, оның денсаулыққа, білім алуға және болашақ өмірге әсері туралы ақпарат беру көзделді. Жиналыс барысында мектеп медбикесі Алимкулова Ұлжалғас алдын алу жолдары мен дұрыс шешім қабылдау маңыздылығын түсіндірді.

Мектеп Директоры: А.Аскарбекова

Өзін-өзі сыйлау және өзін-өзі бағалау. Жас қыздардың өзін-өзі бағалауы.

Өз қадір-қасиетін түсіну, шекараларды қою және қоршаған ортадағы теріс әсерлерден қорғау маңызды. Өзін-өзі сыйлау өзін құрметтеу қажет!!

Мектеп ДТІЖО өз сөзінде Қоғамдық қысымнан қорғау. Ерте жүктіліктің алдын алу үшін қыздарға дұрыс моральдық және әлеуметтік қолдау көрсету қажет. Көбінесе, жас қыздар үшін қоғамдағы қысым, отбасының немесе достарының әсері маңызды рөл атқарады. Сондықтан, ата-аналар мен әлеуметтік ортада түсіністік, қолдау және қорғау.

Мектеп психологы Қалмұратова Ұлмекен психологиялық түсіндірме жұмыс жүргізді.

Ерте жүктіліктің алдын алу үшін психологиялық аспектілер өте маңызды, өйткені бұл мәселе тек физиологиялық ғана емес, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан да маңызды. қыздар үшін келесі психологиялық кеңестер және видеороликтер көрсетілді.



<https://www.facebook.com/share/p/1FaAmk87py/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде 3 сәуір күні "Қыздың қырық жаны бар. “ Қыздарға не жарасымды?" тақырыбында қыздар жиналысы өтті. ✨ Шараның басты мақсаты – қыз балаларға ұлттық тәрбие беру, олардың бойында инабаттылық, әдептілік және сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Жиналыс барысында қазақ халқының "Қыздың қырық жаны бар" деген мақалының мәні талқыланып, мектеп директоры Асқарбекова Айгүл апай және қыздар ұйымының төрайымы Шерімбетова Бану апай қыз баланың қайсарлығы, сабырлылығы және тәрбиесі туралы маңызды ойларын айтты. Сондай-ақ, қыздар кеңесінің мүшесі Таджибаева Ақнур қыздардың жүріс-тұрысы, киім кию мәдениеті мен сөз сөйлеу әдебі жайлы пікір айтып, баяндама оқыды.

Қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, өмірлік мысалдар келтіріп, қыздардың қоғамдағы рөліне қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Кездесу соңында қыздардың тұлғалық дамуы мен тәрбиесін нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды.



<https://www.facebook.com/share/p/1UWqrSnaQy/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, кәмелетке толмағандар бойынша 7-11-сынып оқушылары арасында Төлеби аудандық АПБ-нің ЖПҚБЮПТ аға УПИ полиция аға лейтенанты С. Әуелбек мырзамен жиналыс ұйымдастырылды. С. Әуелбек мырза оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзқшылық түрлеріне сипаттама беріп, деректер келтіріп, қылмыс жасаған жағдайда әрбір азамат заңда көрсетілген ереже бойынша жауапкершілікке тартылатындығын, заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдер түнгі сағат 22.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тиым салынатынын айтып өтті.

“Лудамания ғасыр дерті”

Лудамания- бұл құмар ойындарға деген паталогиялық тәуелділік яғни адам ойынға деген бақылауды жоғалтып, өмірінің басқа маңызды аспектілерін елемей қояды.

Бұл ауру психологиялық, әлеуметтік және қаржылық проблемаларға әкеледі деп түсіндірме жұмысын жүргізді.



2025 жылдың 12-20 мамыр аралығында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Білімім - Отаныма!» тақырыбында республикалық сынып сағаттары ұйымдастырылды. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 1-4 сыныптар арасында «Таза Қазақстан», 5-9 сыныптар арасында «Заң және тәртіп», 10-11 сыныптар арасында «Адал азамат» тақырыптары бойынша оқу жылын қорытындылап, жазғы демалысын тиімді жоспарлау, өз іс-әрекетін рефлексиялау, сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін оқушылар арасында эссе байқауы ұйымдастырылды.

Байқау қорытындысы бойынша 5-9 сыныптар арасында:

I орын 9 “А” сынып оқушысы Асқарбек Гүлсезім

II орын 5 “Ә” сынып оқушысы Алиханқызы Нұрдана

III орын 7 “Ө” сынып оқушысы Абдыхадыр Айару

1-4 сыныптар арасында:

I орын 4 “А” сынып оқушысы Жұмабек Айару

II орын 3 “А” сынып оқушысы Ниязбек Саят

III орын 3 “Б” сынып оқушысы Абдыхадыр Төреғали мақтау қағаздарымен марапатталды.



<https://www.facebook.com/share/p/1FZzoYipro/>

Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде мектеп жанындағы "Достық" лагерінің ашылу салтанаты өткізілді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Шеримбетова сөз сөйлеп, оқушылардың демалысын көңілді, әрі қызықты өткізу жайлы айтып өтті. Лагерьдегі балалар төрт топқа бөлінді. Әр топ өзінің топтарын, ұрандарын айтты. Мақсаты: Балалардың демалысын тиімді ұйымдастырып, олардың денсаулығын нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.

